


СЕГОДНЯ КАЗАХСТАН ОТВОДИТ ОСОБУЮ РОЛЬ РАЗВИТИЮ ТРАНСПОРТНО-ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА И МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ СТРАНЫ. ДАННАЯ СФЕРА ИМЕЕТ ВАЖНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ АКТИВИЗАЦИИ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ РЕГИОНОВ. ТАК, В РАМКАХ РАЗВИТИЯ ТРАНСКАСПИЙСКОГО МЕЖДУНАРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО МАРШРУТА В КАЗАХСТАНЕ РЕАЛИЗУЕТСЯ РЯД ПРОЕКТОВ, В ТОМ ЧИСЛЕ СОЗДАНИЕ КОНТЕЙНЕРНОГО ХАБА В ПОРТУ АКТАУ И СТРОИТЕЛЬСТВО МНОГОФУНКЦИОНАЛЬНОГО МОРСКОГО ТЕРМИНАЛА «САРЖА» В ПОРТУ КУРЫК.



Динара ШЕГЛОВА,
вице-министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан



№45 (2862)
06/06/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – АДАМ ӨМІРІ

Өткен жұма күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ кәсіпорындарында он бес жылдан астам уақыт «нөлдік жарақаттану» қағидасын ұстанып, бірде-бір өндірістік жарақат оқиғаларына жол бермей, еңбек қауіпсіздігінің сақталуына атсалысқан теміржолшыларды марапаттау рәсімі өтті.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Салтанатты шара Қауіпсіздік минутынан басталды. Техникалық саясат департаментінің бас менеджері Шыңғыс Сәмбетов қауіпсіздік минутында осы маусым айында ауа райы +40-45 градус ыстыққа дейін көтерілетінін, ал мұндай аптап ыстықта еңбек өнімділігі төмендейтінін, жұмысшылардың сақтық шараларын ұстануы қажеттігін атап өтті. Атап айтқанда мұндай температурада жұмыс істегенде дұрыс киім тандай білу де маңызды, сондай-ақ сағат сай-

ын демалу және ауыз сумен қамтамасыз ету жағын ұйымдастыру ескерілді. Және де ыстық өтіп, денсаулығы сыр берген жұмысшыларға алғашқы көмек көрсету жолдары ұсынылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері – техникалық саясат департаментінің директоры Батыр Котырев сөз алып, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету – Ұлттық компания басымдық беріп отырған басты міндеттердің бірі екенін атап өтті.

– Өндірісте бірде-бір жазатайым оқиғаға жол бермей, көп жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан бірқатар құрылымдық бөлімшелер бар.

Оларда қауіпсіз еңбек жағдайы қамтамасыз етіліп, жоғары еңбек өнімділігі байқалуда. Бұл кәсіпорындар өзгелер үшін үлгі болмақ. Компанияның басты құндылығы – адамдар және олардың өмірі мен денсаулығы. Сондықтан жұмысшы өзінің ғана алдында емес, Компания алдында, отбасы алдында жауапкершілік арқалайтынын және жұмыстан кейін оны үйінде отбасы күтіп отырғанын естен шығармауы керек. Өзіңізге және отбасыңызға қамқорлық жасаңыз, – деді Батыр Котырев өз сөзінде.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК
Жалғасы 2-бетте

НОВЫЙ УЧАСТНИК СЭЗ



ТОО «Порт Курык» зарегистрировано в качестве участника СЭЗ «Морпорт Актау». Новым участником СЭЗ запланирована реализация ряда проектов.

В частности, планируется строительство причала негабаритных/крупногабаритных грузов и зернового терминала. Территория порта Курык вошла в состав СЭЗ решением Правительства РК от 10 февраля 2023 года, наряду с территорией Актауского морского торгового порта и грузового района «Баутино». Соответствующее свидетельство портом Курык получено 30 мая.

Мероприятия по включению территории портов в регистрацию в качестве участников СЭЗ являются практической реализацией поручений Главы государства Касым-Жомарта Токаева. Они направлены на комплексное развитие портов Актау и Курык, в том числе увеличение грузопотоков и перевалки грузов, развитие транспортно-логистического потенциала, портовой инфраструктуры и создание контейнерного хаба на территории СЭЗ «Морпорт Актау».

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

ПЛАН ПЕРЕВЫПОЛНЕН



За пять месяцев с начала года работники ТОО «Теміржол жөндеу» произвели ремонт 80,4 километра железнодорожного полотна, перевыполнив план более чем в два раза.



Так, при плане 30 километров пути выполнение составило 260%.

– Мы произвели балластировку путевым щебнем в объеме 185 тысяч кубометров, зашили новую рельсошпальную решетку на 95 километрах, а также на 16 километрах произвели переукладку старогодней железобетонной рельсошпальной решетки, – проинформировал директор строительства и ремонта железных дорог ТОО «Теміржол жөндеу» Кайрат Акпаров.

С 26 мая в ТОО «Теміржол жөндеу» приступили к смене инвентарных рельсов на новые длинномерные бесстыковые плиты. Всего планируется уложить 4,5 километра.

Стоит отметить, что план на май тоже перевыполнен – на 17%. При запланированном ремонте 43,9 километра пути выполнение составило 51,2 километра. Из них по ПУ Шар – 14,07 километра, ПМС Берлик – 13,33 километра, ПМС Астана – 13,2 километра и ПМС Актобе – 10,63 километра.

Любовь РОББА
Фото автора

Семинар ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ИНИЦИАТИВЫ

Инженеры-экологи из всех филиалов ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» участвовали в семинаре, приуроченном ко Дню эколога, который ежегодно отмечают 5 июня. Специалисты обсудили вопросы обеспечения экологической безопасности в компании.

Светлана МОГАЙ,
Караганда



На протяжении нескольких лет на железной дороге реализуются инициативы, направленные на улучшение экологической обстановки. Проводятся экологические акции «Посади дерево», «Бірге – таза теміржол», «Спаси ежика», «Сбереги природу – сдай батарейку» и экоклас «Охрана окружающей среды». Ведется раздельный сбор мусора. Своевременно проводится утилизация производственных отходов. Территории филиалов содержатся в соответствии с санитарно-экологическими требованиями. Контроль со стороны экологов за этим постоянный.

Для работников ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» разработаны правила по раздельному сбору отходов, «10 простых

правил экономии воды на производстве и в быту». В октябре на железной дороге пройдет Международный день без бумаги.

– Прогресс шагает вперед, и каждый из нас может внести лепту в сохранение окружающей среды, максимально отказавшись от использования бумаги на производстве и в быту. Возможно, внимательно наблюдая за собой в течение дня, вы найдёте множество

сфер деятельности, где можно сократить потребление бумажной продукции. Сделайте это обязательно, – призывает менеджер департамента производственной безопасности и экологии ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Светлана Сыдыкова.

На семинаре государственный экологический инспектор по Карагандинской области Адилет Коянбаев разъяснил нормы

Экологического кодекса РК. Главный менеджер департамента технической политики Сагат Кабиев рассказал о Концепции низкоуглеродного развития и о порядке расчета парниковых газов.

Семинар стал площадкой для обмена опытом и мнениями по вопросам экологической безопасности.

Фото Александра ЖАБЧУКА
Подробнее в следующем номере.

КӨМІР ТАСЫМАЛЫНА КЕДЕРГІ ЖОҚ

Өткен жылдың қорытындысы бойынша ҚТЖ бойынша көмір тиеу көлемі 106,7 млн тоннаны құрады, бұл жалпы теміржол көлігімен тасымалданған жүктердің тең жартысы десек болады.



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Қазақстан бойынша 74,3 млн тонна көмір тасымалданып, экспортқа 32,4 млн тоннасы тиелген. Көмір теміржолдағы жүк тасымалының негізгі бөлігі болып қалып отыр. Көмір тиеу көлемінің оң динамикасы биыл да байқалады. Ағымдағы жылдың бес айында 44 млн тонна көмір тасымалданса, оның 30,8 млн тоннасы республика бойынша, 13 млн тоннасы экспортқа тиелген.

«ҚТЖ әлеуметтік маңызды жүктер тасымалына ерекше көңіл бөледі. Жылтыу маусымы кезеңінде компанияның көмір штабы күн сайын тасымалға мониторинг

жүргізіп, тасымалдың үзілуіне жол бермеу бойынша жедел шаралар қабылдайды. Біз көмір кен орындарымен тығыз байланыста жұмыс істейміз. Күн сайын ҚР ИИДМ, әкімдік, көмір кен орындары өкілдерінің қатысуымен жиындар өткізіліп, соның барысында барлық мәселелер бойынша өзара келісімге келетін шешімдер қабылданды. Өткен жылтыу маусымы көмір жеткізу тізбегінде әрбір бөлімнің ұйымдасқан жұмысының өте маңызды екенін көрсетті», – деді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС маркетинг жөніндегі атқарушы директоры В.Копылов «Astana Mining Metallurgy» халықаралық тау-металлургиялық конгресс шеңберінде өткен көмір өнеркәсібі форумында сөйлеген сөзінде.

Сонымен қатар өткен жылы энергиялық ресурстарға сұраныс артқандықтан экспортқа шығарылатын көмір тиеу көлемі де айтарлықтай өскені атап айтылды. «Экспортқа бағдарлану республикаішілік тасымал мәселесімен тығыз байланысты. Біздің ойымызша, көмір тасымалы республика бойынша ең басты стратегиялық міндет болып саналады», – деді баяндамашы. Атқарушы директордың айтуынша, биылғы негізгі тренд теміржол көлігі инфрақұрылымын тиімді пайдалану болып қала береді. Осы ретте тасымалды барынша мольнаш бағдарлаудың маңызы зор, бұл стратегиялық жүкті жеткізу уақытын қысқартып, көмірдің көп бөлігін тасымалдауға септік етеді.



Артур СӘРСЕНҒАЛИЕВ,
Астана белгі беру және байланыс
дистанциясының директоры:

АСТАНА СТАНЦИЯСЫ ТОРА-БЫНДА САНИТАРЛЫҚ-ТҰР-МЫСТЫҚ БАҒЫТТАҒЫ НЫСАНДАРДА ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ТАЛАПҚА САЙ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ. МЕКЕМЕНІҢ БАРЛЫҚ ЭО ҚОСЫНДАРЫНДА АС БӨЛМЕЛЕРІ СЫЛАНЫП, БОЯЛЫП, ЕДЕНІНЕ ЖАҢА ЛИНОЛЕУМ ТӨСЕЛДІ. КИІМ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ДҮШ ҚАБЫЛДАУ БӨЛМЕЛЕРІНІҢ ТӨБЕСІ МЕН ҚАБЫРҒАСЫ БОЯЛДЫ. СОЛ СИЯҚТЫ ЖӨНДЕУ ЦЕХТАРЫНДА, ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТТА ДА ОСЫНДАЙ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛІП, КЕРЕК ЖИҢАЗДАР, ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКАЛАР АЛЫНДЫ. МҰНЫҢ БӘРІ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАСАУДА ӨТЕ МАҢЫЗДЫ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫ ЖОЛ МАШИНАЛАРЫ КЕШЕНІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП

7173

ШАҚЫРЫМ ЖОЛДЫ САУЫҚТЫРУ ЖОСПАРЛАНУДА.

БҮГІНДЕ ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ БАЛАНСЫНДА

170

КІРМЕ ЖОЛ ТІРКЕЛГЕН.

ЕЛ ӨНІРЛЕРІ БОЙЫНША БИЫЛ БАРЛЫҒЫ

15

ЖАСАНДЫ ҚҰРЫЛЫС КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ.

СТАНЬ ЧАСТЬЮ НАШЕЙ КОМАНДЫ

РЕГИСТРАЦИЯ
Зарегистрируйтесь на сайте job.railways.kz

ОТКЛИК
Откликнитесь на интересующую Вас вакансию

АНАЛИЗ РЕЗЮМЕ
Компания рассмотрит Ваше резюме на соответствие квалификационным требованиям к вакансии

ТЕСТИРОВАНИЕ
Пройдите оценочные процедуры (при необходимости)

ИНТЕРВЬЮ
При успешном прохождении оценочных процедур Вас пригласят на собеседование для оценки профессиональных и личностно-деловых компетенций

ПРИЕМ НА РАБОТУ
В случае успешного прохождения собеседования Вас пригласят на работу

РЕГИСТРИРУЙСЯ НА JOB.RAILWAYS.KZ

№45 (2862) 06/06/2023

КЕЛЕҢСІЗДІКПЕН БІРГЕ КҮРЕСПЕК

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



ДӨНГЕЛЕК
ҮСТЕЛ

Ақтөбеде теміржол мекемелерінің басшылары мен желілік полиция қызметкерлері дөңгелек үстел басына жиналды. Басқосудың негізгі тақырыбы теміржол төңірегінде сақтық шараларының сақталмауы мен ереже бұзушылықтың көбеюі туралы болды.

Теміржолшылар мен тәртіп сақшыларын стратегиялық аумақта бөгде адамдардың бейқам жүрісі алаңдатып отыр. Олардың қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзып, пойыздар қозғалысына кедергі келтіруі жылжымалы құрамдарды шұғыл тоқтату жағдайын да арттырған.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» Батыс аймақтық филиалының директоры Бөріхан Беркімбаев бастаған теміржолшылар, станция, вагон шаруашылығы, жолаушы тасымалы қызметінің басшылары, екінші тараптан Көліктегі полиция департаменті бастығы полиция полковнигі Бақытжан Мәлімбаев бастаған тәртіп сақшылары темір жол бойындағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар, жазатайым оқиғаларды алдын алу, жылжымалы құрамдағы жүктердің ұрлығын болдырмау, т.т. өзекті мәселелерді сөз етіп, кедергілерді жоюдың шешімін қарастырды. Жол бойында түсіндіру жұмыстарын, тұрғындармен кездесуді тоқтатпау қажеттілігі айтылды.

Бөріхан Смануллаұлы бөгде адамдардың, төрт түлік малдың жолға шығып, қоршауларды бұзып кету дерегі азаймай отырғанын және ол ҚТЖ-ға үлкен шығын келтіріп отырғанын айтты. Осындай оқиғалардан өткен жылы локомотивтерге қанша зиян келіп, жолаушылар мен жүк пойыздарының жүру кестесі бұзылғанын айтып берді. Сондықтан бүгінгі таңда аса өткір мәселе айналып отырған бұл келеңсіздікпен бірге күресуге шақырды.

Көліктегі полиция департаменті бастығы полиция полковнигі Бақытжан Мәлімбаев келеңсіздікпен бірге күресуге дайын екендерін жеткізді, сонымен қатар теміржол өткелдеріне көпір салып, ағаш төсемдермен жабдықтау бойынша жергілікті әкімдіктер мәселе көтеріп, ұсыныстар беруі тиіс деп санайды.

ҚЫС ШАНАСЫН ЖАЗ САЙЛАУДА

Ұлан ОРАЗ,
Астана



ДАЙЫНДЫҚ

Теміржол тасымалындағы ең маңызды әлеуметтік жүк – көмір тасымалы. «Қазтеміртранс» АҚ жүк вагондарын алдағы жаңа жылыту маусымына дайындауға кірісті.

ҚТТ мен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС әкімдіктермен, Энергия министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп 2023-2024 жылдардағы жылыту маусымы үшін қатты отынның біркелкі тасымалын жоспарлауды бастады. Яғни соңғы жылдары үрдіске енген біркелкі жоспарлау маусым кезінде жылжымалы құрам жетіспеушілігін тудырып, жаппай дүрбелеңге ұрындырмайды.

«Қазтеміртранс» АҚ-ның 17 мыңнан астам вагоны 2022–2023 жылдардағы жылыту маусымында Жылу электр орталықтары мен халыққа көмір тасымалдауға жұмылдырылды. Тасымал көлемі шарықтау шегіне жеткен айларда бұл көрсеткіш 82%-ға дейін жетті. Жылыту маусымына алдын ала дайындық жүргізу көмір тасымалының сол шарықтау кезеңінде жүктердің жиналып қалмауына және тасымалды дұрыс жоспарлап, локомотивтер мен ашық вагондарды ретімен бөлуге септік етеді.

ЖҮК АЙНАЛЫМЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗЕДІ



ТАСЫМАЛ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімі мамандарының айтуынша, жазғы маусымға жасалынған болжамдар дәл келуде. Осыған дейін күтілгендей, жолаушы тасымалы күрт қарқын алып отыр. Тек қана мамырдың 29-ы мен маусымның 4-і күндері аралығында 11 295 жолаушы жергілікті теміржол вокзалдарынан сапарға аттанған. Бұл – биылғы жылғы рекордтық көрсеткіш. Оған қосымша бір себеп аптаның тақ күндері жүретін Семей – Достық, Өскемен – Достық пойыздарының қайта іске қосылуы болып отыр.

Десек те, негізгі назар жүк тасымалына аударылып отыр. Бұл орайда көмір тасымалы саябырлайтын емес. Бөлімше бойынша тиелген жүктер арасында қатты отын бәз-баяғыша алғашқы орында тұр. Өткен бір апта ішінде Дегелең станциясынан 103 397 тонна көмір тиеліп, жөнелтілген.

Ал негізгі ерекшеліктердің бірі облыс бой-

ынша түсті металл тасымалының артуы болып отыр. Бұл орайда Жаңғызтөбе станциясына түсетін салмақ біршама артқан.

Келесі кезектегі жүктер ішінде құрылыс материалдарының үлесі жоғары. Соның ішінде әсіресе цемент өніміне сұраныс күрт жоғарылағаны байқалады. Апта ішінде 47 698 тонна материал тиелген. Салыстырмалы түрде алғанда бұл да жоғары көрсеткіш. Оған Астана мен Алматыдан келген ірі компаниялардың жаңа облыс орталығы Семей қаласынан тұрғын үйлер құрылысын жүргізуі себеп болуда.

Мұнымен қатар металл сынықтары мен астық тасымалы байырғы көрсеткіш көлемінде тұр. Ал контейнерлік тасымал біршама жоғарылаған. Осындай көрсеткіштерді анықтап берген жүк айналымына жасалған мониторинг басым бағыттарды анықтаумен қатар алдағы айға болжам жасауға да мүмкіндік беріп отыр.

Жүк айналымын реттеу бойынша қолға алынған, басымдық берілген негізгі міндеттердің бірі – пойыздарды кедергісіз жөнелту.



Бұл орайда Жаңа-Семей жол дистанциясының мердігер компания «ПМС Астана» мекемесімен бірлесіп Жарма өңірінде жүргізіп жатқан желі бойындағы күрделі жөндеу жұмыстары, Семей және Өскемен станцияларындағы бағытталма бұрмаларды темірбетонды түрге ауыстыру шаралары да ешқандай кедергі тудырмаған.

Суретті түсірген автор

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – АДАМ ӨМІРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитов теміржол саласы еңбеккерлерінің құқықтары мен мүдделері әрқашан кәсіподақ ұйымдары назарында екенін, қандай да бір туындаған мәселелер жұмыс берушімен бірлесіп шешіліп отыратынын және жұмысшылар жеке бастарына немесе жұмыс жағдайына қатысты әртүрлі мәселелермен кез келген уақытта кәсіподақ ұйымдарына шыға алатынын жеткізді.

Ресми бөлімнен кейін марапаттау рәсімі басталды. 12 теміржолшының қауіпсіздік қорғаудағы еңбегі жоғары бағаланды. 40 АЕК төлемақысымен «Адал еңбегі үшін» белгісіне 20-30 жылдан бері бірде-бір рет жазатайым оқиғаға жол бермеген Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Ақжайық белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Айбек Жолдасов, Қызылорда магистральдық

желі бөлімшесіне қарасты Қазалы электрмен жабдықтау дистанциясының бас инженері Асқар Тілеулин, «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» АФ-ның Орал телімінің бастығы Думан Қарағойшин лайық деп танылды.

Ал 10 АЕК төлемақысымен «Үздік маман» атағы 37 жылдан астам жазатайым оқиғаға жол бермей еңбек еткен Қызылорда НЖС – Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі жетекші инженері Әлібек Өтениязовқа, Семей ЖТ бөлімшесінің ВЧДЭ Өскемен-1 (16 жыл) бас инженері Саят Байқұмановқа, «Вагонсервис» АҚ Ақмола филиалы Қарағанды телімінің (18 жылдан астам уақыт) жетекші инженері Сымбат Сұлейменовқа табыс етілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен және 8 АЕК төлемақысымен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – Илеқк филиалының вагондарға техникалық қызмет

көрсету пунктінің (35 жыл бойы жарақаттану оқиғасы болмаған) бастығы Рашид Байниязов, «Теміржолсу – Қарағанды» ЖШС (20 жылдан астам уақыт) директоры Ержан Қошақбаев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Ақмола магистральдық желі бөлімшесінің Жаңа-Есіл белгі беру және байланыс дистанциясының (34 жыл) еңбек қорғау және қауіпсіздік жөніндегі жетекші инженері Светлана Кокучина марапатталды.

Ал «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының атынан 6 АЕК төлемақысымен Алғыс хат Екібастұз – Северный станциясының (41 жыл) бастығы Мұрат Саркеновке, «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Северный» АФ Павлодар учаскесі (25 жылдан астам уақыт) еңбек қорғау қызметінің жетекші инженері Ермек Жәнібековке, Семей вагон пайдалану депосының (16 жыл жарақаттану оқиғасы тіркелмеген) өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология секторының меңгерушісі Ләззат Жүнісова берілді.

ШИЕЛІНІҢ ШОҚТЫҒЫ БИІК



СТАНЦИЯ
ТЫНЫСЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Шиелі станциясы бастығының орынбасары Нұрғали Әбжаппаров ұсынған мәліметтерден 1733 вагонға жүк тиеу жоспарын 1780 вагонға жеткізіп, межені 103 пайызға орындаған шиеліліктер 120 375 тонна жүк тиеу межесін 112 пайызға дейін арттырғанын білдік. Жалпы сөз басында айтып өткеніміздей, шиеліліктер – бекітілген тапсырмаларды орындауда тәжірибелері мол, шеберліктері шыңдалған ұжым.

– Теміржол көлігін пайдаланатын тұрақты клиенттермен үнемі кездесу өткізіп, түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, тасымалданған жүктерге берілетін жеңілдіктер мен қосымша мүмкіндіктер жайлы ақпарат беріп отырамыз. Осының да әсері болса керек, станция жолдары мен оннан аса кірме жолда маневрлік жұмыстарда болсын, тиел-түсіру жұмыстарында болсын жұмыс тоқтаусыз, ретті жүріп жатыр, кідіріс орын алып жатқан жоқ. Біздің ұжымда кездейсоқ адам жоқ, кіл кәсіби мамандар шоғырланған, барлығы өз ісін



жеткілікті деңгейде меңгеріп, шеберліктерін шыңдаған тәжірибелі мамандар, дегенмен станция кезекшісі Ғалымжан Кембулбаев, пойыз құрастырушылар Рабит Сайранов пен Қуаныш Қойшыбаевтар нағыз өз ісінің үздіктері саналады, ақпаратшы-оператор Мөлдір Диханбаеваның шапшаңдығы мен жеделдігі де көрсеткішіміздің жоғары болуына өз үлесін қосады, – дейді Нұрғали Жүрсінұлы.

Жалпы шиелілік теміржолшылар көрсеткіштерін 106-120 пайыз арасында асыра орындаған. Мәселен, 3500 вагонның орнына 3705 вагоннан жүк түсірген жоспарды 106 пайызға

жеткізсе, 68,0 тоннаға белгіленген есептік жүктемені 69,4 тоннаға жеткізіп, жоспарды 120 пайыздан бір-ақ асырған.

Бекет жұмысын өркендетіп, жүк тарту жұмыстарына ерекше мән беретін станция басшылығы аудандағы іргелі өндіріс орындары «Қазатомпром» кәсіпорнымен қоса осы мекеменің еншілес кәсіпорындары «ТТК-Шиелі», «МКС компаниялары» және «Мырзабаев», «Тәжібаев» және «Тұрманов» секілді жергілікті кәсіпкерлердің тапсырыстарын талап деңгейінде атқаруды өздеріне міндет санайды.

Суретті түсірген автор

АУДАНДЫҚ ЖЕЛІЛЕР ЖАҢАРТЫЛЫП ЖАТЫР



ЭЛЕКТРМЕН
ЖАБДЫҚТАУ

Атырау электрмен жабдықтау дистанциясы бұрын 736,3 шақырым желі бойына қызмет көрсетсе, бүгінде оның ұзындығы 860 шақырымды құрайды. Атырау, Аққыстау, Ганюшкино, Мақат, Сағыз, Құлсары, Опорныйда 7 электр желілік аудан бар. Бүгінде дистанция көлемінде жаппай жаңарту мен жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр.

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Дистанцияда 3 көмекші электр станциясы, 41539 киловольттық трансформаторлық станциясы бар. Аудандық желілердің әрқайсысында 20-25 электрмеханиктен құралған бригада жұмыс жасайды. Бүгінгі күні дистанция 35,6 километр 1000 мың вольттық кабель желілерін, оның ішінде 152,8 километр төменгі вольтты желіні, 65 проектор матч мұнарасын да қамтиды. Сонымен қатар дистанция қарамағында көптеген елді мекендер мен сауда нүктелері де бар, оларды да жүкпен қамтамасыз етіп отыр. Олардың саны бүгінде 4 мыңның үстінде, негізінен Атырау қаласы мен

Мақат ауданы аумағында. Алайда, жеке секторларды жергілікті әкімдіктер бюджеттен қаражат бөліп, өз қарамағына, яғни тұрғын үй-коммуналдық қамту бөлімдеріне біртіндеп алууда.

Соңғы жылдары дистанция бойынша мердігерлік әдіспен ЭЧ-4 базасын абаттандыруға, Ганюшкино аудандық желісін күрделі жөндеуге, осы желінің сыртқы жарықтандырылуына, шаруашылық әдіспен ВЛ-10 кв, ВЛ-0,4 кв, КЛ-10 кв, КЛ-0,4 кв желілерін күрделі жөндеуге қомақты қаржы бөлінді. Инвестициялық бюджет бойынша ДГА-100 кВА, 1 автомашинаға лайықталған боксы бар 100 квт трансформаторлық шағын станция, Толтыр, Бек-Бике, Доссор, Жантерек, Жамансор разьездерінде монтерлік ғимарат салынды. Сондай-ақ



Қызылжар, Шоқпартоғай, Бәйтерек разьездерін электрмен жабдықтау бойынша қыруар жұмыс атқарып, нысанды уақытылы пайдалануға берді және бүгінде сол объектілерді жарықпен қамтамасыз етіп отыр. Резервтік ток беруді күшейту мақсатында Ганюшкино, Аққыстау және Мақат станцияларында ДГА-160 кВт қондырғысы, электрмен қамту сапасын жақсарту үшін Ганюшкино мен Мақат станцияларында КТПН-250 кВА жинақтық трансформаторлық шағын станциялар

орнатылды. 2022 жылы тағы да 2 дана ДГА-400 кВА генераторы алынып, бірі Атырау, екіншісі Мақат торабы аумағында орнатылды. Электр генераторларының көмегі сол, егер жарық сөніп қалса, генераторлар автоматты түрде қосылып, жолдағы барлық электрге тәуелді құрылыстардың жұмысын іске қосады.

Дистанция бас инженері Абай Есқалиевтің айтуынша, өткен жылы да бірқатар іргелі істер атқарылған. Пойыздардың үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында Мақат, Бек-Бике, Исатай станцияларында ДГА резервтік фидерлер ДГА-100 кВ-ға көшірілді. Мақат, Атырау, Жамансор, Ганюшкино станцияларындағы трансформаторлық қосалқы станциялар төбесі шатырмен жабылса, Жантерек, Жамансор, Доссор, Д.Нұрпейісова станциялары сумен және жылумен 100 пайыз қамтылып отыр. Сағыз аудандық электр торабы ғимараты ең үлкені болғандықтан әрі 1974 жылдан бері жөндеу көрмегендіктен онда кезең-кезеңмен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп келеді, шатыры қайтадан жабылды, өкпе, әрлеу жұмыстары жасалуда. Бұған дейін жылу жүйесі тек 25 % жұмыс істесе, енді жылу жүйелері түгелдей жаңартылуда. Осылайша дистанция бар қуаттымен жұмыс жасап келеді. Жеке секторлардан толықтай арылғасын, дистанция тек қана теміржол саласына ғана қызмет көрсететін болады.

Суретті түсірген автор

ОБЪЕМЫ СОХРАНЯЮТ РОСТ



СОТРУДНИЧЕСТВО

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В столице состоялось четырнадцатое заседание Казахстанско-Китайского подкомитета по сотрудничеству в области железнодорожного транспорта.

Стороны обсудили текущее состояние и перспективы развития казахстанско-китайского сотрудничества в области железнодорожного транспорта, обменялись мнениями о возможностях расширения двустороннего сотрудничества.

По итогам прошлого года объем грузовых перевозок между Китаем и Казахстаном достиг рекордного уровня 23,2 миллиона тонн, что на 15% больше, чем в 2021 году. Кроме того, за четыре месяца текущего года объем грузовых перевозок между двумя странами также показал положительную динамику, достигнув 8,8 миллиона тонн.

В целях повышения пропускной способности пограничных переходов РК и КНР стороны договорились о синхронизации развития строительства и модернизации инфраструктуры железнодорожных линий на пограничных станциях и подходах к станциям.

Также достигнута договоренность в части обеспечения бесперебойной работы грузоперевозок на железнодорожных пограничных станциях, бесперебойного и стабильного курсирования вагонов, развития железнодорожных грузоперевозок

Грузовые перевозки между Казахстаном и Китаем в транзитном сообщении сохраняют тенденцию роста. Так, за четыре месяца 2023 года их объем увеличился на 32,6% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.



между Китаем и Казахстаном, а также между Китаем, Европой и Средней Азией.

Вместе с тем стороны положительно оценили работу по организации контейнерных поездов через погранпереходы между двумя странами.

На сегодняшний день контейнерные перевозки между Китаем и Казахстаном в транзитном сообщении сохраняют тенденцию роста, обеспечив стабильность цепочек производства и поставок между Азией и Европой, при этом способствуя стимулированию экономического и торгового развития вдоль маршрута.

Кроме того, с 1 сентября 2022 года на казахстанско-китайской железной дороге официально заработала система элек-

тронного обмена данными по перевозке грузов на основе накладной СМГС. В целях обеспечения электронного обмена информацией специалисты Китая и Казахстана успешно завершили согласование текста дополнительного соглашения № 1 к основному Соглашению об электронном обмене данными.

Стороны отметили важность развития безбумажных китайско-казахстанских международных грузовых перевозок и для совершенствования системы электронного обмена данными поддерживают железные дороги двух сторон в принятии мер по повышению качества электронного обмена данными.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТОРМОЗНОЙ ПУТЬ У ПОЕЗДА ДЛИННЫЙ



БЕЗОПАСНОСТЬ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Алматинские железнодорожники совместно с сотрудниками ЛУП на станции Алматы-1 провели 12 рейдов на наиболее подверженных экстремным торможениям участках на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности!». Также с учащимися четырех школ проведены разъяснительные беседы о правилах перехода железнодорожных путей.

С начала года в Алматинской дистанции пути зафиксировано 35 случаев экстремных торможений, из них с наездом – два. Остроту проблемы подчеркивает тот факт, что потенциально опасные участки практически не меняются. Как говорит исполняющий обязанности начальника Алматинской дистанции пути Кайрат Капсаламатов, эти факты определяют необходимость и важность органи-

С начала текущего года руководством Алматинской дистанции пути направлено 15 писем в адрес исполнительных органов Жамбылского, Карасайского, Илийского районов Алматинской области по предотвращению экстремных торможений, связанных с выходом людей и животных на железнодорожный путь.

зационных и технических мероприятий, направленных на принятие экстремных мер по снижению травмирования граждан в зоне движения поездов.

– Время диктует необходимость принимать комплексные подходы и выявлять причины, побуждающие граждан нарушать правила безопасности, учитывая поведенческий стереотип людей в опасных зонах железной дороги, – отмечает Кайрат Капсаламатов.

Кроме того, к несчастному случаю приводят и игнорирование гражданами предупреждений, желание сократить свой маршрут передвижения и халатное отношение к личной безопасности.

Безнадзорный скот тоже является огромной помехой для движения. Только с начала года на участках Алматинской дистанции пути зафиксировано 19 экстремных торможений, из которых 9 случаев с наездом. Появление бесхозных домашних животных на железной дороге, как пра-

вило, приводит к тяжелым последствиям и является результатом беспечности и недобросовестного отношения к общепринятым нормам и установленным правилам выпаса скота со стороны руководителей фермерских хозяйств и частных владельцев. Работники Алматинской дистанции пути отмечают участки, где машинистам часто приходится применять экстремное торможение, это Копа – Жирен – Айгыр, Жынгылды – Чемолган, Чильбастау – Отар, Байсерке – Жетысу, Капчагай – Илийская. Локомотивные бригады принимают все необходимые меры по предотвращению наездов, но в ряде случаев к положительному результату они не приводят. Неоднократно с собственниками фермерских хозяйств проводились разъяснительные беседы о правилах прогона скота. К сожалению, характерно то, что даже административная ответственность и штрафы не меняют ситуацию к лучшему.

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТZ Express» (далее – АО «КТZ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТZ Express», которые начнутся 15 июня 2023 года в 11.00 (время Астаны) на веб-портале реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТZ Express», утвержденными решением совета директоров АО «КТZ Express» (протокол от 10 января 2018 года № 1) (далее – Правила) и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года № 66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставляются следующие имущества:

№	Наименование имущества	Гос. номер	Год	Начальная стоимость	Стартовая стоимость	Минимальная стоимость	Гарантийный взнос
1	Skoda Super B6	988BQ01	2010	6 552 000	19 656 000	6 552 000	982 800
2	Lexus LX 570	759BQ01	2019	64 213 333	192 639 999	64 213 333	9 632 000

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра начинается со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов. Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов. Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра. Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации имущества и уплату соответствующих налогов и других

платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки объекта возмещению не подлежат и продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к продавцу по вопросу качества, комплектности объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «КТZ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 87710838734 (АО «КТZ Express»), г. Астана, Дінмұхамед Қонаев, 10, и 8-7172-55-29-81 (АО «ИУЦ»), г. Астана, ул. А. Жубанова, д. 16, 4-й этаж.

ВНИМАНИЕ ВСЕМ НАПРАВЛЕНИЯМ

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана



ИНФРАСТРУКТУРА

Генеральный директор АО «Пассажирыские перевозки» Жанибек Тайжанов посетил Актобинский участок регионального филиала «Западный».

Первым пунктом поездки стал железнодорожный вокзал Актобе. Здесь генеральный директор встретился с работниками билетных касс, поездных бригад и багажного отделения. А во время встречи с руководителями регионального филиала ознакомился с информацией по финансово-хозяйственной деятельности, о проделанной работе по подготовке к летним перевозкам, а также обсудил проблемные вопросы производственного и социального характера.

Далее Жанибек Тайжанов проверил готовность объектов железнодорожной инфраструктуры АО «Вагонсервис».

– Ознакомившись с работой филиала, я убедился в профессионализме команды. Встретился с опытными железнодорожниками, владеющими навыками и компетенциями своей работы. Мы готовим несколько проектов по оказанию высококачественных услуг по обслуживанию пассажиров, поэтому должны сосредоточиться на этом и приложить все усилия для их реализации, – сказал генеральный директор.

Кроме того, Жанибек Тайжанов посетил прачечный комбинат ТОО «Источник», которое занимается поставкой комплектов чистого белья и экипировкой поездов АО «Пассажирыские перевозки».

По итогам своей поездки генеральный директор национального перевозчика поделился своими впечатлениями о работе регионального филиала по пассажирским перевозкам «Западный», а также обозначил ключевые приоритеты компании на ближайшее время.

СПРОС НА ПШЕНИЦУ УВЕЛИЧИВАЕТСЯ

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана



ПЕРЕВОЗКИ

В мае текущего года из Казахстана экспортировано около 600 тысяч тонн пшеницы, основное направление – страны Центральной Азии.

Также за этот период из Казахстана в Китай перевезено зерновыми около 75 тысяч тонн пшеницы. При этом трейдеры отмечают, что число заявок на отгрузки в направлении Китая растет с каждым днем. Это направление интересно и самим экспортерам.

Пшеница – самая востребованная агрокультура, и спрос именно на казахстанскую пшеницу по-прежнему увеличивается во многих странах.

БЕЗ ПРЕПЯТСТВИЙ

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана



ТРАНЗИТ

Прямые поставки хлорида калия из Европы в Китай осуществляются по железной дороге транзитом через Казахстан в рамках инициативы «Один пояс – один путь».


Седьмой грузовой поезд с более чем 1 400 тонн хлорида калия, импортированный из Европы, проследовал через нашу страну в мае и прибыл на станцию Ичан (КНР).

Ичан является региональным центром производства химических удобрений в Китае, на долю которого приходится около 50% общего объема их производства в стране. Годовая потребность в хлориде калия достигает три миллиона тонн, а объем импорта – от одного до 1,5 миллиона тонн. Традиционно он импортируется из Германии, Канады и Израиля по морю. Однако благодаря инициативе «Один пояс – один путь» в настоящее время также ввозится из Европы, Казахстана, России, Беларуси и других стран по железной дороге Китай – Европа.

– Железнодорожный экспресс Китай – Европа идет прямо в Ичан, обеспечивая беспрепятственную связь товаров, экономия времени и деньги. Согласно расчетам местного таможенного логистического центра, стоимость может быть снижена почти на 100 юаней за тонну, а годовая экономия составит почти 100 миллионов юаней, – отметил дежурный по грузоперевозкам на Восточном железнодорожном вокзале Ичан Сун Яньчэн.

СТАБИЛЬНОСТЬ – ЗАЛОГ УСПЕХА

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ИТОГИ

В Костанайском регионе железнодорожники выполняют, а по отдельным номенклатурам и значительно перевыполняют установленные планы погрузки.

В частности, как сообщил начальник отдела логистики Костанайского отделения ГП Канат Алшоразов, по итогам мая на станциях региона было погружено 2 миллиона 302 тысячи тонн различных грузов. В среднем в сутки отгружалось 1 146 вагонов.

Строительных грузов отгружено 53,2 тысячи тонн. Зерна, при плане 3 350 вагонов, фактически погружено 4 026. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года увеличение составило 142 процента.

Что касается продуктов перемолта, то при плане в 1 211 вагонов было фактически погружено 1 537 вагонов. К факту прошлого года погрузка увеличена на 12,9 тысячи тонн, или на 14 процентов.

№45 (2862) 06/06/2023

Семинар



ПОД ЭГИДОЙ ВОЗ

На площадке порта Актау прошла третья сессия Регионального тренинга-семинара. В его работе приняли участие представители 13 стран, включая государства Центральной Азии, Кавказа и Европы.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Организатором мероприятия выступили представители Всемирной организации здравоохранения и Министерство здравоохранения Казахстана.

В приветственной речи представительница АО «НК «АМТП» Абай Турипенбаев отметил, что международное мероприятие, организованное в формате открытого диалога, позволит получить практический опыт и быть готовыми к новым и постоянно изменяющимся рискам для здоровья населения.

– Опыт последствий недавней пандемии говорит о безусловной важности вопроса готовности к предотвращению международного распространения болезней и принятия ответных мер на уровне


общественного здравоохранения, но при этом не создавая излишних препятствий для международных перевозок и торговли, – сказал Абай Турипенбаев.

В ходе сессии участники также ознакомились с инфраструктурой порта Актау и помещениями, предусмотренными для медицинской помощи и изоляции, а также провели кабинетные учения и посетили суда торгового и портового флота для ознакомления с условиями судовой санитарии.

Ключевой целью всего пятидневного мероприятия является изучение инструментов оценки Международных медико-санитарных правил (2005) в рамках требований по основным возможностям в отдельных аэропортах, портах и пунктах пересечения сухопутной границы.

Фото автора

АБАЙ ЕЛІН АРАЛАП ЖҮР



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Білікті медициналық мамандар топтастырылған рельстегі емхана 1 маусым күні Алтай ауданы Быково елді мекенінде орналасқан бекетке тоқтап, таңертеңнен кешке дейін жергілікті халықты қабылдады. Пойыздың бас дәрігері Айнур Егінбаеваның айтуынша, ақ халаттылар биылғы 6 желтоқсанға дейін 121 станцияға барады.


– Демалысыз жұмыс істейміз. Сенбі-жексенбі күндері де тұрғындарды тоқтаусыз қабылдай береміз. Пойыз әр станцияда 1-2 күн тұрады. Егер үлкен бекет болса – екі, шағын болса, бір күн алдаймыз. Пойызда невропатолог, окулист, стоматолог, уролог, хирург, акушер-гинеколог, жалпы тәжірибелік дәрігер, терапевт, педиатр, офтальмолог, лор, маммолог сынды мамандар бар. Ұзын саны 12 дәрігер. Бұдан бөлек, осы жылдан бастап қатарымызға заңгер мен медиатор қосылды.

Халық олардың да кеңесін тегін ала алады. Дәрігерлердің 80 пайызы Астана қаласынан, қалғандары Алматыдан іріктелген. Олар сегіз ай бойы осы пойызда зиялсіз еңбек етеді, – дейді бас дәрігер.

Пойызда 8 вагон бар. Оның төртеуінде медициналық жабдықтар болса, біреуінде сол жабдықтарды тоқпен қамтамасыз ететін дизель тұр. Екі вагон жататын орын, тағы бір вагонда ресторан. Пойыз заманауи диагностикалық және емдеу жабдықтарымен, УДЗ-бен, флюорографиялық аппаратпен, шағын ота зертханасымен, интернетке қосылуға мүмкіндік беретін байланыс құралымен жабдықталған.

– Медициналық қызметке жүгінетін халық көп, ең көбі бір күнде 600-ге жуық адам келсе, ең азы 100 адам шамасында болды. Ең жас пациентіміз бір айлық сәби болса, ең егдесі 91 жаста болды, әрбір адамға көмектесуге тырысамыз. Жан-жақты тексеріп, ем тағайындап береміз, – дейді дәрігер.

НАША СЛУЖБА И ОПАСНА, И ТРУДНА



Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Профессия у железнодорожника сложная, приходится работать в разных условиях – жара, мороз, ветер и прочие сюрпризы погоды. Рабочий день у монтеров пути начинается в летнее время в шесть утра и заканчивается в три часа дня, зимой – с восьми до пяти. Недавно Олег Сельвич при обходе пути обнаружил и сообщил поезду диспетчеру об осыпании земляного полотна на перегоне Бозшаколь – Шидерты.

– Каждый день по путям курсируют поезда, вагоны, а это скорость, грузы. Конечно, нужно смотреть в оба глаза, перепроверять все. Ответственность очень

большая, до сих пор, когда заступаешь на смену, чувствуешь волнение, как в первый раз, – говорит железнодорожник.

Сейчас ему 47 лет, до заслуженного отдыха еще далеко, за эти годы Олег Сельвич с его профессионализмом мог попробовать свои силы в смежных сферах, но о таких предложениях даже не думает и рассматривать не собирается.

– Да, уже не молод, но еще не стар. Я теперь со стальной магистралью навсегда, на пенсию уйду отсюда, – рассказывает монтер пути. – 20 лет трудился на железной дороге, потом ушел в медедобывающую компанию KAZ Minerals, все равно вернулся обратно. Разные должности были: монтер пути, монтажник, оператор дефектоскопной тележки. В детстве

Порядка 20 лет монтер пути Олег Сельвич работает на железной дороге, и занимаемые им должности всегда требуют от него круглосуточного внимания, контроля и ответственности.



особо не мечтал о какой-то конкретной профессии, для меня важен сам труд, сидеть сложа руки – не мое.

Свое свободное время он любит проводить в любимом огороде, дышать свежим воздухом и наслаждаться природой. Говорит, что это время, когда можно забыть обо всех проблемах в жизни.

Фото автора

Спорт

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

Шығыстағы теміржолшылар қауымы жазғы маусымды ұлттық ойындар айлығымен бастады. Игілікті шараның бастамашысы – жергілікті кәсіподақ ұйымының белсенділері.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Ұлттық ойындар шеруі ең алдымен халқымыздың дәстүрлі тоғызқұмалақ ойынымен басталды. Айта кетерлігі сол, аймақтағы тәрізді семейлік теміржолшылар арасында да тақталы ойын түрі кеңінен танымал болып келеді. Ал оны ұйымдастырудағы басты мақсат әсіресе жас буын арасында тоғызқұмалақ ойынын насихаттау, халқымыздың төл

өнері мен спортын дамыту.

Бөлімше бойынша тоғызқұмалақшылар аса көп болмағанымен жақсы ойнайтын теміржолшылар бар болып шықты. Сондықтан да қатысушылар ерлер мен әйелдер ретінде екі топқа бөлініп, өзара жарыс көрігін қыздырды.

Тоғызқұмалақ – байыптылық, байқампаздық пен дәл есептеу сынды қасиеттер сыңа түсетін, логикаға негізделген ерекше ойын. Зияткерлік қабілетті дамытатын



тақталы ойын барысында ойлау қабілеті жүйріктер ғана топ жарды. Атап айтсақ, ерлер арасында ПЧ-39-дан келген Аслан Толымхан бірінші орын алса, ПЧ-40 ойыншысы Нұрбек Қалиев екінші орын алды. Үшінші орын ЭЧ-18 ойыншысы

Сұлтан Төлеуханға бұйырды.

Сол тәрізді тоғызқұмалақ ойыны әйелдер арасында да мейлінше тартысты өрбіді. Бұл орайда бірінші орынды «Қазтеміртранс» АҚ Семей филиалынан келген Айгерім Тоқпанова иеленді. Ал екінші және үшінші орындарды салалық кәсіподақ ұйымының қызметкерлері Данагүл Өтеленова мен Сәуле Асқарова бөлісті.

Тоғызқұмалақ Семей теміржолшының тарихында тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Сондықтан болар әсері де ерекше болды.

Ойынның соңында бөлімшенің кәсіподақ төрағасы Алик Досанов пен спорт нұсқаушысы Наталья Мешкова жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен грамоталар табыс етті.

Суретті түсірген автор

МОСТУ БЫТЬ!

На станции Караганозек (Большая Михайловка) Карагандинской области началось строительство нового путепровода. Этого долгожданного события местные жители ждали много лет.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

Масштабный проект лично контролирует аким города Караганда Мейрам Кожухов.

– Жители станции обращались в акимат с просьбой построить безопасный переход, – говорит он. – Данный проект очень важен, и мы его обязательно реализуем.

Строители уже приступили к работе. По проекту, высота путепровода составит семь метров, длина – 66 метров, вес конструкции – около 140 тонн. Обойдется строительство моста ориентировочно в 684 миллиона тенге. Уже в сентябре жители смогут безопасно переходить железнодорожное полотно.

Специально для лиц с ограниченными физическими возможностями будет построен лифт. Также будет благоустроена прилегающая территория: здесь проведут освещение, сделают тротуары, а по улице Перронная заасфальтируют дорогу.

– На узле произошло много трагических и несчастных случаев. Из-за отсутствия пешеходного перехода люди вынуждены пролезать под железнодорожными составами с риском для жизни, – рассказывает главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмураев.

Кроме того, здесь любят проводить время школьники, устраивая игры в догонялки по крышам поездов, делать селфи для того, чтобы выложить свои фотографии в соцсетях. О безопасности дети не задумываются. Так, в мае этого года 15-летнего подростка ударило током от контактной сети. Юноша с многочисленными термическими ожогами был госпитализирован в больницу, где за его жизнь боролись врачи.

Жители станции с волнением наблюдают за ходом строительства моста и уверены, что после возведения моста количество несчастных случаев будет сведено к нулю.

Фото автора

ТЕМІРЖОЛШЫ ҚҰРМЕТІНЕ ӨТКЕН ТУРНИР

Кешегі жексенбі арыстық теміржолшылар үшін тамаша спорттық шарамен өтті. Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Арыс белгі беру және байланыс дистанциясы техникалық бөлімінің техникалық инженері Абдулла Тайырұлының 60 жас мерейтойына арналған шағын футбол турниріне 5 команда қатысты.

Сабира БАЙЗАХОВА,
Шымкент

Абдулла Тайырұлы 1989-1998 жылдары Отырар, Арыс, Ордабасы аудандарында электромонтер болып еңбек етті. Ал темір жолдағы еңбек жолын 35 жасында электромеханик, метролог болып бастады. 2007 жылы дистанцияда телім басшысы, 2009 жылы жөндеу және техникалық бөлім басшысы, 2012 жылдан техникалық бөлімнің жетекшісі, метрологиялық зертхананың бастығы сынды қызметтерді атқарды.

Электрлік желі мен физика ғылымымен жаны егіз Абдулла Тайырұлы ПЧ-38 Арыс белгі беру және байланыс дистанциясына келместен бұрын түрлі салада 4 мамандықта білім алыпты. «Жаныма жақыны



осы метрология болды, осы жерде, темір жолда ғана өзімді тапқандай болдым, жұмысым жаныма жақын, өзіме қатты ұнайды» дейді кейіпкеріміз. Қазіргі таңда ізін басып келе жатқан метролог маман Кенжебек Күшікбаев пен 1-санаттағы инженер Дәурен Тұрысбеков өздерін

Абдулла Тайырұлының шәкірттері санайды екен.

«Әр адам туған күнін әрқалай атап өткенді қалайды. Мен үшін маңыздысы туған отбасыма айналған ПЧ-38 ұжымында осындай шара өткізу болды. Қаржыны тойға емес, салауатты өмір салтын насихаттап,

спортқа жұмсағанды жөн көрдім», – дейді метролог-инженер.

Жалпы футбол турниріне 5 команда қатысты. Жүлде қорына 300 000 теңге қарастырылып, 1-орынды «Электр орталығы», 2-орынды «Байланысшылар», 3-орынды «ПЧ-38» әкімшілігі командалары иеленді. Сонымен қатар «Үздік қақпашы», «Үздік футболшы», «Үздік төреші» номинацияларына да қаржылай ынталандыру сыйлығы мен арнайы Алғыс хаттар табыстады.

Жеңімпаздарды «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Шымкент филиалының төрайымы Нағима Салықбаева мен Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің кәсіподақ төрағасы Ерлан Серперов арнайы құттықтап, марапаттады. Ал іс-шараға себепші мерейтой иесіне қазақы дәстүрмен шапан жабылып, сый-құрмет көрсетілді.

Суретті түсірген автор



Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Карағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубайбаев 8-702-843-27-97
Шымкент: Сабира Байзахова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.